

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Ботақан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сарсенбек Гулмира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	28.08. - 01.09.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау					

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинай білуді дағдыландыру. (еңбек дағдылары)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)		"Тәрбиешінің көмекшісіне көмектесеміз". Мақсат-міндеттер: тамақтан кейін үстел үстіндегі ыдысты жинауға үйрету, балаларды ересектерге қолғабыс етуге үйрету. Еңбексүйгіштікті, ересектерге көмек көрсету ниеттерін дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	"Қара да, қайтала"	"Лото" үстел үсті		"Адымдар"	

	ойын жаттығуы. Максат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар. (дене шынықтыру) "Домино" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып	ойыны. Максат-міндеттер: балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. (танымдық дағдылар) "Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы. Максат-міндеттер: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру;		дамытушылық ойыны. Максат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту. Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап, адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы. Максат-міндеттер:	
--	---	---	--	--	--

	дұрыс ататқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.	артикуляцияны жетілдіру. Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді), Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады). Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады). Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады), Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді). Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды). Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді), Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді). Г. Кожагулова. (сөйлеуді дамыту,		көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау)	
--	---	---	--	---	--

	(танымдық дағдылар)	дене шынықтыру)		Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған	Драматизациялауға	"Сипатталған		Әңгімелесу: "Күн	

іс-әрекетке дайындық	арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды)	ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. (қоршаған ортамен таныстыру)		тәртібі не үшін керек?". Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтары мен күн тәртібіне, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру. (математика негіздері)	
------------------------------------	---	---	--	--	--

	Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдірген дер" жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке.				
--	--	--	--	--	--

	Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын- сауықтар	Жазғы ойын- сауықтар		Жазғы ойын- сауықтар	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: мысықтың сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру;	Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік		Мезгілдік өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінде	

	мысықтың тіршілігін тануға деген ынтасын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен,	өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмысқа үйрету. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге		өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз. "Жазғы сурет". Артымнан айтуғандай, Алдымнан күн. Түнде жұлдыз күлімдеп, Қағады ым. Мөлдір бұлақ, Сырлы өзен суы тұнық Кенет сылдыр етет те, Болады жым... Аппақ болып көсіліп, Бұйраланып, Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп Жатар жайқын. Мөлдір судан бетімді	
--	---	--	--	---	--

	Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова.ысықты Еңбек әрекеті: бақшадағы піскен көгөністерді жинау. Мақсат-міндеттер: көкөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға	бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз		Көрейін деп, Үңіледі өзенге, Шыңырау - шың. Ж. Саин. Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып	
--	--	---	--	---	--

	қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртынды бір-бірінен алшак тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да	"іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен коректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап		тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақша болады.	
--	--	--	--	--	--

	"мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуалыспағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. "Допты түсіріп алма" ойын-	алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған		Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Өз түсінді ізде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту. Балалар белгілі пішінді көрген кезде	
--	---	---	--	---	--

	жаттығуы. Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын	материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.		негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру, аяқты жоғары көтеріп жүру, т.б.). Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; "Допты тап" қимыл- қозғалысты дамыту ойыны. Мақсат-міндеттер: байқампаздықты дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға	
--	---	---	--	---	--

	дамыту.			дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөленедер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету	
--	---------	--	--	--	--

				біліктілігін дамыту.	
Серуеннен оралу	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	"Тергеушілер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрісін, қиялдарын	"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.		"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін	

тағы басқа әрекеттер)	дамыту. Келісім. Педагог балаларға кезек-кезек әртүрлі заттар көрсетеді. Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, сипаттайды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге	Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1- нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2- нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. (қоршаған ортамен		құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау;	
-----------------------	---	---	--	--	--

	деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б. Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі	таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс		еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды.	
--	--	--	--	--	--

	керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады.		Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін	
--	---	---	--	---	--

		Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)		қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	
Балалармен жеке жұмыс	"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. (математика негіздері)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын		Әңгімелесу: "Менің сүйікті жан-жануарларым". "Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша	

		заттар санын біртіндеп көбейтуге болады. (қоршаған ортамен таныстыру)		сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге	"Балаңыздың	Кеңес: "Баланың		"Күзге дайындық	

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	денсаулығы қаншалықты жақсарды?" атты сауалнама.	көшедегі қауіпсіздігі".		жоспары" тақырыбына кеңес.	
-----------------------------	--	-------------------------	--	----------------------------	--

Әдіскер: А.А.Сулейменова